

Бирманова Ақсұңқар Исламбековнаның
6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша (PhD) философия докторы
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстан Республикасындағы және
қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары
(теориялық-құқықтық зерттеу)» тақырыбындағы диссертациясына
АННОТАЦИЯ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы мен шетелдердің Конституциясы және заңнамаларында, БҰҰ, ЮНЕСКО, Еуропа Кеңесі құжаттарында және өзге халықаралық актілерде бекітілген адам және азаматтардың мәдени құқықтары мен бостандықтарын құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеуге арналған. Зерттеу еңбегінде қазіргі әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мәселелері кешенді қарастырылады.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған сәттен бастап қазіргі әлемде басты құндылық ретінде танылған адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, соның ішінде адам және азаматтардың мәдени құқықтарын іске асыруға жоғары деңгейде мән беріп келеді. Бүгінгі таңда жеке тұлғаның мәдениет саласындағы туындап отырған қажеттіліктерін ескере отырып, адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін зерттеу өзекті болып табылады.

Қазақстан Республикасы мәдени құндылықтарды қайта бағалаумен, бағдарлардың ауысуымен және өркениеттің жетістіктерін ұлттық мәдениетке бейімдеумен ұштасатын рухани жаңғыруды бастан кешуде. Біздің еліміз дамудың қазіргі кезеңінде негізгі бағдар ретінде адам және азаматтың мәдениет саласындағы құқықтарын қамтамасыз ете отырып ұлттық бірегейлікті сақтау, киелі құндылықтарды қорғау және мәдени-білім беру ортасын дамытуды айқындауда. Мемлекет пен қоғамның басым міндеті адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген демократиялық құндылықтарды бекіту болып табылады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бастамасы бойынша әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени дәстүрлерді жаңғырту, мәдени мұраны насихаттау, ұлттық өнер мен әдет-ғұрыптарды сақтау негізінде адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамыту арқылы ұлттық мәдени саясатты әлемдік құндылықтармен үйлестіру жүргізілуде.

Адам және азаматтың мәдени құқықтарын заңдық тұрғыдан бекіту 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына арналған бөлімде жүзеге асырылады. Мәдени құқықтар Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабының 2-тармағы, 20-бабының 1-тармағында бекітілген. Мәдени қатынастарды құқықтық реттеуге арналған 2006 жылдың 15 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының

«Мәдениет туралы» Заңында мәдени құқықтар азаматтардың мәдениет саласындағы құқықтары мен міндеттері ретінде нақтыланады. Қазіргі таңда отандық және шетелдік авторлардың ғылыми зерттеулерінде мазмұндалған, сондай-ақ заңнамада бекітілген анықтамалар «мәдени құқықтар» және «азаматтардың мәдениет саласындағы құқықтары» ұғымдарының ұқсастығын көрсетеді. Дегенмен, құбылыстың заңдық табиғатын дұрыс ашу үшін «мәдени құқықтар» ұғымын қолдану орынды.

Адамның мәдени құқықтары халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген, маңыздылығы жағынан адамның өзге құқықтарымен деңгейлес, адам құқықтары жүйесіндегі негізгі санат болып табылады. Халықаралық құқық адам құқықтарының барлығының маңыздылығы мен басымдылығын атап көрсетеді, сәйкесінше мәдени құқықтарды адам құқықтары мен бостандықтарының басқа топтарымен салыстырғанда «екінші дәрежелі» деп қарастыру қате пікір. Өйткені, адамның мәдени құқықтарының маңыздылығын төмендету өзге де құқықтарды елемеуге әкеп соқтырады.

Мәдени құқықтарды бекітудің халықаралық тәжірибесі адамның мәдениет саласындағы құқықтары мен бостандықтарын конституциялық сипаттағы заңдар арқылы бекіту жолымен қамтамасыз етеді. Диссертациялық жұмыста ұсынылған Еуропа, Азия елдеріндегі мәдени құқықтарды бекітетін конституциялық-құқықтық нормалардың салыстырмалы-құқықтық талдауы шет елдердің тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы мәдени құқықтарды одан әрі жетілдіруге ықпал етті.

Отандық заң ғылымында адам және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын құқықтық реттеу мәселелеріне жан-жақты зерттеу жүргізілмеген. Сондай-ақ, мәдени құқықтардың мәні және функционалды мақсаты жеткілікті деңгейде ашылмаған. Диссертациялық зерттеу мәдени құқықтардың мәнін, белгілерін және заңнамада әрі халықаралық актілерде нормативтік-құқықтық бекітілуін, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету мен іске асыру ерекшеліктерін ашуға арналған. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, адамның мәдени құқықтарын, оларды нормативті бекіту мен реттеудің, сондай-ақ адамның мәдени құқықтарын іске асыру тетіктері мен қамтамасыз ету тәсілдерін жетілдіру бағытын зерттеудің маңыздылығын мойындау қажет.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету тәсілдері мен құқықтық реттеу тетігін зерделеу арқылы Қазақстан Республикасындағы және қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтарының заңдық табиғатын кешенді зерттеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу келесі міндеттерін шешуді көздейді:

- адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының жеке және ұжымдық құқық ретіндегі мазмұнын ашу, заң ғылымдарындағы адамның мәдени құқығын анықтаудағы әртүрлі ғылыми көзқарастарды айқындау және олардың басқа адам құқығы жүйесіндегі орны мен өзара байланысын анықтау;

- адамның мәдени құқықтарының пайда болу үрдісін және дамуының негізгі кезеңдерін талдау;

- адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары жүйесіне жан-жақты талдау жүргізу;

- әлемдегі адамның және азаматтардың мәдени құқықтарын реттейтін халықаралық құқықтық актілерді зерделеу және оларды Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына имплементациялау мүмкіндігі туралы мәселені қарау;

- Қазақстан Республикасы мен шетелдерде адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарына арналған конституциялық нормаларға салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу. Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық нормаларын жетілдіру мақсатында Испания, Польша, Түркия, Жапония, Қытай және Ресей конституцияларындағы адамның мәдени құқықтарын қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибесін зерттеу;

- Қазақстан Республикасында адамның мәдени құқықтарын құқықтық орнықтыруды жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі мен пәні. Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасында және қазіргі әлемде адам мен азаматтың мәдени құқықтарын іске асыру саласындағы құқықпен реттелген қоғамдық қатынастар. Зерттеу пәні адамның мәдени құқықтарын ұлттық құқық пен халықаралық актілерде нормативтік-құқықтық бекіту, Қазақстан Республикасындағы және қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының түсінігі, мәні, жіктелуі және іске асырылуы тәртібі болып табылады.

Зерттеудің теориялық негіздері. Зерттеу барысында қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды, атап айтқанда: С.К. Амандықова, Қ.К. Айтхожин, А.Х. Абашидзе, С.Ж. Айдарбаев, Ж.Д. Бусурманов, М.Т. Баймаханов, Н.С. Бондарь, М.В. Баглай, Р.М. Букенбаев, Н.В.Волкова, А.С.Ибраева, С.З. Зиманов, В.А. Карташкин, М.С. Кемали, Е.А. Лукашева, М.Н. Марченко, А.Н.Морозова, С.Н.Молчанов, Д.З. Мутагиров, Д.И. Нурумов, Л.А. Окунькова, Е.М. Павленко, Л. Протт, С.С. Сартаев, Ғ.С. Сапарғалиев, К.М. Сарсембаев, А.Б. Сейфуллина, Д.С. Сапарбаева, К. Сингх, А.М.Солнцев, Р. Ставенхаген, А.В. Турлаев, А.С. Туманова, Е.И. Харитоновна, И.В. Шишенина. Х.А.Наширбаева, Х. Неч.

Зерттеудің әдістемелік негіздері. Қойылған міндеттерді шешуде жалпы ғылыми, арнайы және жеке ғылыми таным әдістері қолданылды. Зерттеу диалектикалық әдіс негізінде, талдау және синтездеу, индукция және дедукция, салыстыру және сипаттау, танымның басқа да жалпы ғылыми әдістері арқылы, сондай-ақ жүйелік-құқықтық, тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-құқықтық, статистикалық, компаративтік және басқа да арнайы және жеке құқықтық зерттеу әдістерінің көмегімен жүзеге асырылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақстан Республикасында және қазіргі әлемде адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын зерттеу және нормативтік-құқықтық бекіту мәдени

құқықтардың заңдық табиғатын, құқықтық реттелуін және қамтамасыз ету тәсілдерін жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. Соңғы уақытта зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық заң ғылымында диссертациялық және өзге де монографиялық зерттеулер жеткіліксіз болғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ, тақырыптың ғылыми қарастырылу деңгейі әлі де жеткілікті дамымаған. Осыған байланысты қазіргі уақытта мәдениет саласындағы адам құқықтарын құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелерін зерттеу өзекті болып табылады. Жұмыста Қазақстан Республикасындағы және қазіргі әлемдегі адамның мәдени құқықтары мен бостандықтары институтын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірленіп, негізделген. Диссертациялық зерттеуде нормативтік материалды зерттеу барысында заңнамалық сипаттағы ұсыныстар енгізілді. Адамның мәдени құқықтарының түсініктік аппаратына, мәні мен маңыздылығына жаңа көзқарас қалыптастыру қажеттілігі негізделген.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1. Отандық заң әдебиеті мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында «адамның мәдени құқықтары» түсінігіне жалпыға танымал анықтама берілмеген. Осыған байланысты келесі авторлық анықтама ұсынылады. «Адамның мәдени құқықтары – бұл адамның рухани өмір сүру ортасын құруға, қоғамды ізгілендіруге, адамдарды өзара құрметтеуге, мәдени мұраға еркін қол жеткізуге ықпал ететін адамгершілік санаттардан тұратын моральдық нормалар мен жалпыға бірдей танылған өркениетті құндылықтар негізінде рухани даму саласындағы жеке және ұжымдық мүмкіндіктер».

2. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарының қалыптасуы мен дамуы қазіргі Қазақстан қоғамының саяси және әлеуметтік институттарын одан әрі демократияландырудың іргетасы болып табылады. Адамның мәдени құқықтары адам құқықтарының барлық буыны үшін когнитивті (танымдық) және коммуникативті негіз болып табылады.

3. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын жіктеудің бағыттары ұсынылады:

- функционалдық бағыт (мәдени құндылықтарға қол жетімділік құқығы; мәдени мекемелерді пайдалану құқығы; ғылыми-техникалық прогрестің артықшылықтарын пайдалану және оның жетістіктерін тәжірибеде қолдану құқығы; әркімнің дене шынықтыру және спортпен шұғылдану құқығы);

- идеологиялық бағыт (мәдени өмірге қатысу құқығы; ана тілі мен төл мәдениетті қолдану құқығы, білім алу құқығы);

- аксиологиялық бағыт (діни сенім бостандығы; оқыту бостандығы; шығармашылық бостандығы).

4. Конституциялық реттеудің әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабының 3-тармағын мынадай мазмұнмен толықтыру ұсынылады: «Әркімнің мәдени өмірге қатысуға және мәдениет құндылықтарына қол жеткізуге құқығы бар. Мемлекет қоғамдық игілікке қол жеткізу үшін мәдениетті, ғылыми және техникалық зерттеулерді дамытуға жағдай жасайды».

5. Мәдениет саласындағы халықаралық стандарттар «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының мазмұнында толық ескерілмегендіктен, заңға өзгерістер мен толықтырулар ұсынылады. «Мәдениет туралы» Заңның 1-бабы мынадай редакциядағы 20-тармақшамен толықтырылсын: «Мәдени өмірге қатысу құқығы» - адамның, қоғам мен мемлекеттің мәдениетті қолдау мен дамыту үшін қажетті, мемлекет кепілдік берген материалдық және рухани құндылықтарды жасау, сақтау, ұрпақтан ұрпаққа беру мен қорғау жөніндегі заңмен реттелген ерекше қызметі.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 11-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «Жеке тұлғалардың құқықтары» атауы беріліп, мәдениет саласындағы жеке тұлғалардың құқықтарымен тиісінше тармақшаларда толықтырылсын. 1-тармақтың мәтіні сол редакцияда қалдырылып, 1-тармақша ретінде жазылсын. 11-баптың 1-тармағының мәтініне мынадай редакциядағы тармақшалар қосылсын: 2-тармақша «әркімнің мәдени өмірге қатысуға және мәдениет мекемелерін пайдалануға, мәдени құндылықтарға қол жеткізуге құқығы бар»; 3-тармақша «әрбір адам мен азаматтың өзінің мәдени бірегейлігін еркін таңдауға құқығы бар»; 4-тармақша «әркімнің виртуалды кеңістікті пайдалануға (білім алуға, кітап оқуға, мұрағатқа, мәдениет орталықтарына тегін виртуалды қол жетімділігі) және медиалық сауаттылығын арттыруға (оның ішінде теледидар, кино, радио және аудиожазба, баспасөз, интернет және басқа да кез-келген сандық ақпараттар) құқықтары бар»; 5-тармақша «әр адам өз мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтауға, дамытуға және жандандыруға құқылы»; 6-тармақша «адамның өткен, қазіргі және болашақтағы барлық мәдени құндылықтарын қорғау құқығы»; 7-тармақша «балаларды тәрбиелеу барысында ата-аналардың, білім беру ұйымдарының мәдени құндылықтарға басымдылық беруді қамтамасыз ету құқығы».

6. Мәдени құқықтар мен бостандықтардың дамуы мен іске асырылуын қамтамасыз ететін саяси-құқықтық құжат ретінде арнайы дайындалған «Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың мәдени құқықтары мен бостандықтарын дамытудың ұлттық стратегиясы» жобасы ұсынылады. Стратегия мәдениет саласындағы білім, мәдени қызметтің барлық түрлері, ұлтаралық мәдени қатынастар, цифрлік мәдениет, мәдени және креативті индустриялар, нормативтік-құқықтық база құру, мәдениет саласындағы тиісті басқару, мәдени инфрақұрылымдарды қолдау, сондай-ақ мәдениетті қаржыландыру тетіктерін қалыптастыру бойынша мемлекеттік және қоғамдық өмірдің салаларын қамтитын мемлекеттік мәдени саясаттың құралы болып табылады.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мемлекеттік органдардың құқықшығармашылығы және құқық қолдану қызметінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының және мемлекеттің басқа да органдарының, сондай-ақ адам құқықтарын қорғауға бағытталған азаматтық қоғам институттарының қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің ережелері мен нәтижелері адам құқықтары теориясын дамытуда заң мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарындағы оқу процесінде қолданылуы мүмкін, сондай-ақ осы саладағы одан әрі ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алады.

Зерттеу нәтижесін апробациялау. Диссертациялық жұмыс академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының отырысында талқыланды. Диссертацияның негізгі ережелері теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарларда, Қазақстандағы және шетелдегі халықаралық конференциялар материалдарында баяндалған. Диссертацияның зерттеу тақырыбы бойынша автордың 19 мақаласы жарыққа шықты, оның ішінде ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда – 4, Scopus мәліметтер базасына кіретін журналдарда – 2, шет елдердегі халықаралық конференцияларда – 2, Қазақстан Республикасында өткен халықаралық конференцияларда – 8, ғылыми журналдарда – 3.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Жұмыстың құрылымы зерттеу тақырыбынан, зерттеу объектісінен, қойылған мақсаттар мен міндеттермен анықталады, сондай-ақ мазмұннан, қысқартулар мен белгілеулерден, кіріспеден, сегіз тармақшасы бар үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.